



# ТІЛ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДАҢУ LANGUAGE AND GLOBALIZATION ЯЗЫК И ГЛОБАЛИЗАЦИЯ



XVI АХАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ

СЕКЦИЯ 3

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ – ПОЛИЛИНГВИЗМ – ДВУЯЗЫЧИЕ: ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

55		
58	Мауова М. <i>The Main Characteristics of Advertising Text</i>	116
60	Абдуллина Г.Р. <i>Некоторые особенности повелительного наклонения в башкирском языке</i>	118
61	Уматова Ж.М., Абеуова А.Т. <i>Қазақ антропонимиясының типологиясы</i>	122
63	Азаматова А.Х. <i>Особенности процессов понимания и порождения высказывания в условиях межкультурной коммуникации</i>	125
66	Уматова Ж.М., Әлімбетова А. <i>Зооморфизмдердің ұғымы және табиғаты</i>	128
	Алишариева А.Н. <i>Двуязычие в Республике Казахстан: степень владения языками</i>	130
69	Altynbekova O. <i>Language Changes in School Education in Kazakhstan</i>	133
71	Амреева А. <i>Сот-лингвистикалық сараптаманың тіл білімінде алатын орны</i>	137
72	Bektemirova S., Жұмабектен А. <i>Адамның көңіл-күйіне байланысты тілдік бірліктердің ұлттық ерекшеліктері (қазақ, ағылшын, қытай тілдері негізінде)</i>	139
75	Бозова Ж.М. <i>ӘЙЕЛ/ЖЕНЩИНА ұғымының тілдік санадағы орны (қазақ және орыс тілдері бойынша)</i>	141
77	Джарасова Т.Т. <i>Иноязычное образование в Казахстане</i>	143
79	Landis D. <i>Effects of Globalization on the Production of Knowledge in two Locations</i>	145
83	Екшембеева Л.В. <i>Контекстуальность знания как результат интеграции наук</i>	145
85	Kazhigaliyeva A.B., Mukhambetova A. <i>The Role of Polylingual Education in the Republic of Kazakhstan</i>	148
87	Кондыбаева Р.Ж. <i>Инструментальный анализ минимальных пар казахского языка</i>	149
90	Куличенко Ю.Д. <i>Методы и методики обучения иностранным языкам</i>	152
92	Курышжан А.А. <i>О формировании полиязычных специалистов в университетской среде: интернациональный и казахстанский опыт</i>	154
94	Макатаева Ш.М. <i>Лексико-семантические особенности наименований растительности в составе ФЕ французского, немецкого и русского языков</i>	157
95	Милованова М.В. <i>Образовательные технологии оптимизации процесса интеграции мигрантов</i>	159
98	Мұхамеджанова Г. <i>Тілдерді оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану</i>	162
100	Никамбаева С.С., Мустафина Г.К. <i>Английский язык в качестве средства глобальной коммуникации</i>	164
102	Нуртаева Ж.Ж., Омарова Х.С., Уразбаева С.А. <i>Жоғары оқу орындарындағы ағылшын тілі сабақтарында теледидар жаңалықтарын қолдану</i>	166
106	Родионова Л.З. <i>Особенности перевода слов с разным объемом значений (на материале русского и английского языков)</i>	168
108	Tuleuova N.Zh. <i>Second Language Acquisition in Terms of Multiple Intelligences Theory</i>	171
110	Бақбергенқызы Л., Исмайлова Н.А. <i>Ағылшын тілін оқыту үдерісіндегі жаңа технологиялар</i>	174
112	Aldaberdikyzy A. <i>Possibilities of Chinese as a Second Language in Kazakhstan as a Result of Socio-Economic Phenomena</i>	175

Разговорный императив часто используется для выражения недоброго пожелания в сочетаниях типа *Күз алдымдан юғал!* 'Исчезни с глаз моих!' *Тай бынан! Үйди (уходи) отсюда!* *Күземә күренимә!* 'Не показывайся мне на глаза!' *Өндөшмә миңә, өмөтһөз, юғал хөзөр үк күз алдымдан, йый мөлкөтөңдә!* (Ә.Хәким) 'Молчи, пропащая душа, исчезни с глаз моих, собирай вещи!'

Распространенным считается предостерегательное (превентивное) значение, выражаемое аналитической конструкцией "деепричастие на *-ын/-ен* или на *-а/-ә/-й*+ вспомогательный глагол *куй-*, *кит-*, *күр-* во втором лице единственного и множественного чисел в отрицательном статусе: *Хөҙай ғәмәленә тел тейҙермә, еңгә. Тәңре карғышы тәшә күрмәһен* (М.Кәрим) 'Смотри не задавай Божье веление, невестка. Как бы не настигла Божья кара'. *Байтаҡ кына аксаң булды. Юғалта күрмә индә* (Һ.Дәүләтшина) 'Набралось прилично денег. Смотри только не потеряй'. – *Сабыр ит, барин! Акрын!.. Кулың һынып куймаһын, – тил искәртте* (З.Бишшева) – 'Наберись терпения, барин! Тише! Кабы руку не сломал! – предупредил (он)'.

Аналитической формой "деепричастие на *-ын/-ен*+ вспомогательный глагол *кал-*" выражается значение предупреждения и совета: *Кеше юкта ашап кал, һуңынан күмәк халыҡ араһында һинәң кайғың булмаш* (Һ.Дәүләтшина) 'Поешь, пока нет народу, потом среди толпы будет не до тебя'. *Өпәй иһрәгенә менеп тәшмәс борон әйтәп кал, кайҙа куйың күлдәкте?* (М.Кәрим) 'Скажи, пока не поколотил, куда дел рубашку?' *Бына ситтән килгән кунаҡ әфәнделәр менән һөйләшп кал* (Һ.Дәүләтшина) 'Вот поговори с приезжими господами, пока не уехали.'

М.В. Зайнуллин совершенно справедливо отмечает, что в башкирском языке императивные формы часто употребляются в функции других наклонений [Зайнуллин, 2000: 134]. В частности, формы третьего лица передают широкий спектр оттенков желания: *Ике йыл өллә ни гүмер түгел, иҫән-һау өймәһен кайтһындар, донъялар иҫен торһон* ("Башкортостан кызы" журналынан) 'Два года не такой большой срок, пусть вернутся невредимыми, пусть в мире будет спокойно!' *Һезҙең мөхәббәттән тән яҡтырһын, ер йәмләнһен, донъя кинәнһен* (К.Аралбай) 'От вашей любви пусть ночь светится, пусть земля станет краше, пусть мир радуется'.

В определенном контексте формы повелительного наклонения могут выражать значение индикатива: *Аңың-тоңон белмәгәс, ул ни – әйт тә һал; азақтан үкенде лә...* (Н.Мусин) 'Раз не вникла в суть, она что – возьми да выложи; потом, конечно, раскаялась...'

Итак, посредством повелительного наклонения в башкирском языке, как и в большинстве других тюркских языков, традиционно выражается необходимость совершения того или иного действия. Конструктивным элементом семантической организации форм повелительного наклонения выступает градуальная оппозиция по признаку категоричности волеизъявления. Исходя из наблюдений можно отметить, что в разговорной речи императив более активен, чем в других функциональных стилях. Видимо, это объясняется наибольшей актуальностью функции волеизъявления при живом общении людей в повседневной жизни.

### ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМИЯСЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Уматова Ж.М., zh.umatova@mail.ru  
Абеуова А.Т., moldasan-abu@mail.ru  
(Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан)

Тірек сөздер: антропоним, тарих, көне түркі есімдері, араб есімдер, парсы есімдер, дін

Антропонимия ғылымының тіл білімінің бір саласы ретінде философиялық тұрғыдан қарастырылуы ХІХ ғасырдан бастау алады. Соның ішінде ХХ ғасырдың 50-60 жылдарына дейін жаңа есімдер ғалымдар назарынан тыс қалып келеді. Ғалымдардың айтуынша, 1918-1962 жыл аралығында КСРО уақыты кезінде ономастика ғылымы жайлы 800-ден астам көптеген тілдерде басылым бетінен жарық көрді. Ал 18 жыл аралығында, яғни 1962-1980 жылдар аралығында 7000-ға жуық еңбектер шықты. Содан кейін басылым жұмыстары көбеймесе азаймады. Тек ХХ ғасырдың ІІ жартысынан кейін ғана ономастикалық лексика жеке жүйе ретінде қарастырыла бастады. Есімдерді зерттеудің жаңа жүйелі әдіс-тәсілдері оларды зерттеудің жаңа қыр-сырларын ашып берді [1, 17].

Тілді ұлттық мәдениеттің айнасы ретінде қарастыра болсақ, ұлттық тіл мен мәдениеттің халықтың даму тарихы мен өмірінің ерекшелігіне байланысты қалыптасатынын аңғаруға болады. Ал бұл ұлттық мәдениет пен тілде сол халықтың басқа халықтармен түрлі қарым-қатынастарының ізін көруге болады.

Көне түркілер өз заманында Еуразия құрлығының үлкен территориясын мекен еткен. Құрлықтың дәл ортасында орналасқанына байланысты олардың тілі мен мәдениеті шекаралас жатқан басқа да елдермен тығыз

қарым-қатынаста болды. Әрине қарым-қатынас нәтижесінде тілден тілге сөздер ауысады, мәдениеттің наным-сенімінің, діни дәстүрлердің бір-біріне деген әсерлері өте күшті болады.

Тіліміз түркі сөздермен қатар, араб, парсы, орыс және де басқа шет тілдерден енген сөздер арқылы баю үстінде. Қазақ және орыс тілдерінде де шет тілдерден енген сөздер жоқ емес. Қазақ халқының тілдік құрамы негізгі екі қабаттан тұрады. Біріншісі, негізгі қазақтың төл сөздері болатын болса, екіншісі, өзге тілдерден еніп, сіңісіп кеткен лексикалық элементтер болып табылады. Қазақ халқының басынан кешірген тарихы сөздік құрамы оның ішінде әйел антропонимдерінде әсерін тигізбей қоймайды.

VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басында араптар Орта Азия мен Қазақстан территориясын жаулап ала бастады да, Ислам діні Оңтүстік Қазақстан жеріне VIII ғасырдан бастап ене бастады. Арабтар дінмен қатар дүние жүзіне танымал әдебиеті мен мәдениетін де ала келді. Құраннан бастап араптың «Мың бір түн» сияқты хикаялары қазақ еліне кеңінен таралды. Қазақ халқы арасына «Ләйлі – Мәжнүн», «Қалима – Димна» сияқты жырлар кеңінен тараған. Бұндай арап қазақ халықтары арасындағы әдеби, мәдени қарым-қатынастар елеусіз қалған жоқ, олар қазақ тілінде айтарлықтай із қалдырды.

Сонымен қатар, тілімізге деген парсы тілінің әсері де айтарлықтай мықты болды. IX-XV ғасырларда парсы әдебиетінің әсері Орта Азия, Иран, Әзірбайжан, Үндістанның солтүстік батысына дейін түгел жайылды. Парсы әдебиетінің өркендеуіне араб жазба әдебиеті де бөгет бола алмады. Парсылар, тәжіктер, Орта Азия мен Қазақстан халықтары экономикалық, мәдени қарым-қатынаста болды.

Қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сөздерге Л.З. Рүстемовтың [3; 105] еңбектері арналса, Н.Д. Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері» атты еңбегі бар [4].

Екі халықтың антропонимдерінің жасалуы, пайда болу тарихында назар аударатын басты нәрсе – тарихи-мәдени жағдайлар. Бұл жағдайлардың қатарына діни ағымдар (шаманизм, ислам, буддаизм, христиан), тағыда басқа да елдермен шегаралас жасалған алуан түрлі мәдени, саяси, әлеуметтік қарым-қатынастарды жатқызуға болады.

Оңдасынов Н.Д. қазіргі қазақ тіліндегі араб текті, кісі есімдерін үлкен екі топқа бөліп қарауды ұсынады. Біріншісі – діни мазмұндағы есімдер болса, екіншісі – жалпы есім сөздерден жасалған есімдер болып табылады [4, 4].

Бірінші топтағы есімдерге *Айша, Әмина, Фатима* сияқты Мұхаммед пайғамбар (ғ.с) және де басқа пайғамбарлардың әйелдері, қыздары (олардың лақап аттары) мен аналарының аттарын жатқызуға болады.

Екінші топтағы жалпы сөздерден жасалған есімдерге келесідей мысал келтіре аламыз: *Айна, Алуа, Айтолқын, Бақыт, Жаннат, Сания, Жәния, Қадияша, Раушан, Нағима, Дана, Гаини, Жұлдыз, Балнұр, Ақбота, Ақгүл, Аққыз, Айжұлдыз, Айнамгүл, Айсәуле*.

Қазақ антропонимдеріне деген ислам дінінің әсері жайлы Т.Ж. Жанұзақов өз пікірін былайынша жеткізеді: «Қазақ антропонимдерінің құрылысы жаңарып, көбее түсуі ислам дінінің тарауымен де байланысты болды. X ғасырдан бастап ислам діні қазақ даласының түкпір-түкпіріне тарап, мүмкіндігінше сіңісе бастайды. Араб тілінен есімдеріміздің дамуына белгілі дәрежеде тежеу жасап, кедергі болды» [2, 25 б].

Араб-иран сөздерінің қазақ тіліне енуі өте ұзақ уақытқа созылды. Ол сөздер сауда-саттық, дін, оқу-ағарту ісі, әдеби шығармалар, бір сөзбен айтқанда экономикалық және мәдени жолдармен еніп отырды. Л.З. Рүстемовтың саралауынша «элементтердің енуіне өзбек-татар тілдері дәнекер болды, үйткені қазақтың кең байтақ жері араб шапқыншылығына кіріптар болған жоқ; қазақ жері арқылы сауда керуендері өтіп отырса да, қазақ халқы араб-иран халықтарымен тікелей қарым-қатынасқа түскен жоқ» [5, 3-4 бб.].

Рүстемов Л.З. араб-парсы сөздерінің тілімізге ену процесін екі кезеңге бөліп қарастырды: біріншісі, XV ғасырға дейінгі, яғни қазақ халқы қалыптасқанға дейінгі кезең; екіншісі, XV ғасырдан бастап Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі кезең болды [3, 79-80].

«Қазақ тіліне шеттен ауысқан лексикалық элементтердің ішінде ең көрнекті орын алатыны араб және парсы сөздері болып табылады жалпы қазақ тілінің активті сөздігінде араб-парсы сөздері 17 %-ға жуық болып келеді» [4, 17].

Қазақ тілінде әйел антропонимдерінің шамамен 8 % парсы тілінен енген есімдер, 18 % жуығы араб тілінен енген есімдер, 72 % түркі негізді сөздерден жасалған есімдер мен 2 % орыс, латын, монғол, француз, грек, тәжік, хинди, көне еврей тілдерінен енген есімдер құрайды.

Көріп отырғанымыздай қазақ тіліне енген шет тілдерден енген антропонимдер салыстырғанда араб және парсы тілдерінен енген есімдер пайыздық көрсеткіші жағынан басым келеді.

Қазіргі ТМД елдерінен, орыс тілі арқылы латын, грек тілінен сөздер және жалқы есімдер IV дәуірде Октябрь революциясынан кейінгі Совет заманында ене бастады.

Қазақ халқында ислам діні кеш ену себебіне байланысты қазақ халқының сана-сезіміне терең орныға қойған жоқ. Бұл антропонимдер де айқын байқалады. Жалпы түркі тілдес халықтар көне түркі есімдерінен толығымен бас тартқан емес. Кейбір ислам дінін қабылдаған халықтарда көне түркі есімдер жойылып кетсе де өте аз мөлшерде қалды.

Қазақ есімдеріне байланысты статистиканы А.И. Назаров жасаған. Ол 1998 жылға Алматы қаласында туылған нәрестелерге берілген есімдерінің жиілігінің статистикалық санағын жасаған.

Назаров А.И. статистикасы бойынша алғашқы он есімнің тізімін төменде беріп отырмыз.

1. *Аружан* 107.
2. *Айгерім / Айкерім* 93.
3. *Диана* 72.
4. *Айдана* 71.
5. *Мадина* 62.

6. Камил (а) / Камия 60.
7. Анель / Анеля 57.
8. Асель / Асел 52.
9. Алия 46.
10. Айжан 45 [44].

Көріп отырғанымыздай алғашқы он есімнің тілдік құрамы біркелкі емес. Бірақ бүгіндері қазақ отбасылары өз нәрестелеріне көбіне қазақи есім беруге тырысатындығын байқауға болады. Мұндай есімдердің қатарына келесі аттарды жатқызуға болады: *Айсұлу, Айым, Айгерім, Ажар, Ару, Аружан* т.б. [6].

Қазақ тіліндегі шет тілдерден енген сөздердің төркіні жайлы А.З. Рүстемов келесідей ой өрбітеді: «Қазақ тілінің даму тарихының түрлі кезеңдерінде сан алуан себептермен оның құрамына монғол, қытай, араб, парсы, тәжік, орыс, грек, латын және тағы да басқа тілдердің элементтері енді. Орыс тілі арқылы грек, латын, немс, француз, ағылшын, поляк, голланд тілдерінің жекелеген сөздер енді» [3, 79].

Шет тілдерден енген есімдерге төмендегідей мысал келтіре аламыз:

**Араб:** *Аниса, Аделя, Азала, Азель, Аида, Айна, Алуа, Аршагүл, Аршат, Асылдай, Айша, Айя, Ақлима, Алина, Алима, Алия, Альфия, Асия, Асель, Амина, Әлия, Әзиза, Әлима, Бәлига, Бәдинұр, Ғайса, Ғаини, Ғазиза, Гүлбахрам, Зәуре, Жаннат, Ләйлә, Мадина, Малика, Маусымжан, Нұрай, Назима, Нұржамал, Нұрзия, Нұрия, Саида, Салтанат, Сабира, Саня, Парасат, Шаранат, Шәрбат, Шәрипа, Хадиша, Қаламқас, Қазына, Қорлан, Лала, Ләззәт, Рахима, Рабиға, Рәзия, Ұрқия, Інжу, Іңкәр, Фаридә, Фариза, Фатима;*

**Иран:** *Анар, Әсия, Бибігүл, Гауһар, Гүлтайым, Гүлжамал, Гүлмира, Г.лғаз, Зарина, Зере, Анар, Асия, Адина, Дана, Дарига, Дария, Жания, Жансая, Мақпал, Меруерт, Майна, Мейіз, Мейіржан, Перизат, Раушан, Сара, Күлайша, Үміт, Шырын, Шекер, Фируза;*

**Грек:** *Азила, Арина, Аспазия;*

**Латын:** *Азалия, Альбина, Агнеса, Алина, Даяна, Клара;*

**Тәжік:** *Абира, Адлия, Аза, Айнагүл, Гүлбану, Гүлажар, Гүлдана, Күлайша, Саня;*

**Татар:** *Алсу;*

**Көне еврей:** *Ада, Анна;*

**Неміс:** *Алиса, Эмма;*

**Көне герман:** *Аделина, Аделинда, Линда;*

**Өзбек:** *Асель.*

Өзге тілдерден алынған есімдерге (сөздерге) қазақ тілінің қосымшаларын жалғаулары арқылы жаңа есімдер жасалынады. Мысалы:

**Қаз. араб:** *Айжамал, Айнұр, Ақзия, Нұрсұлу, Іңкәрбала,*

**Қаз. тәжік:** *Айгүл, Айдана, Айбану, Гүлажар, Гүлболсын,*

**Қаз. иран:** *Айдария, Айжан, Айзада, Айзере, Бекдана, Гүлай, Ерзада, Жанаргүл, Күлайша,*

Қазақ тіліндегі есім қорын молайтудың тағы бір жаңа әдіс қазақ әйел есімдерін орыс тіліндегі әйел есімдері мәнерімен жасау арқылы түрлендіре отырып жаңа есімдер тудыру. Мысалы: *Айнұра, Анара, Анеля, Аселя, Жаннура, Жанеля, Балнура*, және тағы да басқа есімдер. Бұл есімдер көріп отырғанымыздай толық есімдерге *-а, -я* дауыстыларын жалғау арқылы жасалып отыр. Ал бұл қазақ тілінің орфографиялық нормаларын бұзылуына әкеп соғуда.

Тілімізде есім құрамында кездесетін аффикстердің бірі – *-м* I жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы жасалуы. Мысалы: *Айым, Айғаным, Айжақсым, Айшайым, Аяулым* және тағы да басқа есімдерді атауға болады. Бұл есім түрі баланы жақсы көріп өзіне меншіктеумен байланысты туған есімдер болып табылады.

Бүгінде латын, көне еврей, неміс текті *Альбина, Алина, Аделина* сияқты есімдерді беру «модаға» айналды. Алайда бүгінгі таңда ұлт болмысын айғақтайтын төл есімдеріміз қолданыстан шығып барады десек қателеспейміз. Б.Қалиұлының пайымдауынша *«Альфия, Алина, Альбина, Анеля, Аида* тағыда басқа еуропаланып кеткен есімдер көптеп кездеседі» [7].

Есімдер «әдемі» дыбысталуына қызығып қоюға машықтанып барамыз. Ал оның мағынасының қандай екендігін, не себептермен берілетіндігінен хабарымыз жоқ. Есімдеріміз біздің мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігі. Олар біздің бабаларымыздан қалған теңдесі жоқ мәдени мұрамыз.

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М: Наука, 1973.–366 с.

2. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы (лексикалық және тарихи этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. –218 б.

3. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 106 б.

4. Ондасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері. – Алматы: Рауан, 1992. – 176 б.

5. Рүстемов Л.З. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. – Алматы, 1962.

6. Назарова А.И. Статистика наречия имени новорожденных из семей казахов в г. Алматы в 1998 г. // <http://planeta-imen.rarod.ru/kazahizer.htm>.

7. Дидарова А.М. Современные казахские женские имена: структура и варианты // Имя. Социум. Культура: Материалы II Байкальской международной конференции – Улан-Удэ: Издательство Бурятского государственного университета, 2008. – С. 146-148.

8. Қазақ тілінің сөздігі / жалпы ред. басқ. Т.Ж. Жанұзақов – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

9. Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1989. – 320 б.

10. Джанузаков Т.Д., Есбаева К.С. Казахские имена (словарь-справочник). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 480 с.

11. Джанузаков Т.Д. Ваше имя? Казахско-русский толковый словарь имен. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 192 с.